ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



**№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019**
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ӘОЖ / УДК/ UDK 93/94 392.34/34.096

# ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ

**Сабденова Г.Е.[1], Усерова А.Н.[2]**

[1]әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы,
[2]Орталық Азия Университеті, Қазақстан

**Аңдатпа**. Қазақ халқының дәстүрлі құқықтық мәдениеті өз тамырын ежелгі замандардан алады. Оны қазақ халқы мәдениетіндегі үлкен жетістік ретінде бағалауға болады, өйткені ол тұлғаның қалыптасуында ерекше маңызға ие болып келді. Қазақ отбасылары балаға ес білгенінен бастап қоршаған ортаға деген құрметін сіңдіруге тырысты. Өскелең ұрпақ бойына үлкендерді сыйлай білуді ұғындырды, барлық нәрсеге шыдымдылық пен мейірбандылық танытып, әдет-ғұрып пен дәстүрді ұстанып, өмір сүруді үйретті. Мұның барлығы дәстүрлі қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол өз дамуында қоғамдық қатынастар мен халықтың шаруашылық қаракеттеріне сәйкес келетін уақыт тезінен өткен бірін-бірін алмастырып отырған қатпарлы қалыптардан тұрады. Құқықтық тәлім-тәрбие әрдайым танымдық, эстетикалық, өзара қарым-қатынас секілді алуан түрлі қоғамдық қызметтерді атқарып келді.
**Түйін сөздер:** қазақ халқы, этнография, қоғам, құқықтық мәдениет, ұлттық тәрбие, ислам, мәдениет

# ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ

**Сабденова Г.Е.[1], Усерова А.Н.[2]**

[1]КазНУ им. аль-Фараби, Алматы;
[2]Центрально-Азиатский Университет, Алматы

**Аннотация**. Традиционная правовая культура казахского народаберет свои корни с древних времен.Ее можно отнести к большому достижению духовнойкультуры казахского народа, которая стояла у истоков формирования личности.С детства в казахских семьях каждому ребенку независимо от пола прививается уважение к окружающему миру. Молодому поколению показывают как уважать старших, быть терпеливым и доброжелательным, соблюдать традиции. Все этосоставляет традиционную казахскую культуру. Последняя в своем развитии прошла ряд последовательно сменявшихся форм, соответствовавшим общественным отношениям и хозяйственной деятельности народа. Правовое воспитание всегда выполняло общественные функции, такие как познавательные, эстетические, коммуникативные и другие.
**Ключевые слова:** казахский народ, этнография, общество, правовая культура, национальное воспитание, ислам, культура

# HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL NURTURING OF KAZAKHS

**Sabdenova G.E.[1], Userova A.N.[2]**

[1]al-Farabi KazNU, Kazakhstan, Almaty;
[2]Central Asian University, Kazakhstan, Almaty

**Abstract**. Traditional legal culture of Kazakh nation takes its roots from ancient times. It can be attributed to a great achievement of spiritual culture of Kazakh nation that at the root of personality formation. Since the childhood every child in Kazakh family independently of gender was taught to respect surrounding world. Young generations were taught to respect elders, be patient and benevolent, follow and keep traditions. All this constitutes the traditional Kazakh culture. Kazakh culture in its development passed number of changes in form, that correspond to public relations and economic activity of the people. Legal education has always performed public functions, such as cognitive, aesthetic, communication and others.
**Keywords:** Kazakh people, ethnography, society, legal culture, national education, Islam, culture.

**Кіріспе**

Қазақ тарихымен тікелей астасып жатқан дәстүрлі құқық мәдениеті мен ұлттық тәлім-тәрбие бастаулары сан ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұралар қатарына кіреді. Бұл рухани мұралар тамыры қазақтың ұлт болып ұйысуына дейінгі кезеңдерден бастау алады да, одан кейінгі тарихи кезеңдерде дамыды, түрленді және қажеттіліктерге сай жетілдіріліп келді.

Этнографиялық мәліметтерге қарағанда, дәстүрлі құқықтық мәдениет пен ұлттық тәлім-тәрбиенің бастауында күнделікті тіршілік, көшпелілік өмір мен қаракет, рутайпалық жүйе секілді халықтың болмыс- бітімі мен тұтастығын тікелей көрсететін жайттар тұрды. «Ұлы дала, қуаң табиғат, көшпелі өмір салт маңдайға жазылған соң, сол жазмышқа көндігудің бірден-бір кепілі – адамдар бір-бірін жатсынбай, біріне- бірі арқа сүйеп өмір сүруі. Бұл қажеттілікті терең сезінген көшпелілер «Адамның күні – адаммен» деген принципті тіршіліктеріне тірек еткен. Сондықтан да, әрбір көшпелі қазақ туыстық жүйені тарата білуді өмір сүрудің нормасы, моральдық-этикалық критерийі деп білген» [1, 37-б.].

**Материалдар мен әдістер**

Дереккөзі ретінде ұлттық тәлім-тәрбиеге, құқықтық мәдениетке қатысты бірқатар ауыз әдебиеті, тарихи материалдар мен ғылыми еңбектер алынды. Ұлттық тәрбиеге, халық тарапынан берілетін тәлімге, ілім-білімге, тәрбиелік мәні бар тәмсілдерге ерекше назар аударылды. Қазақ халқы ойшылдарының тұжырымдары талданды. Діни тәрбиеге, дәстүрлі құқықтық санаға, ұлттық мәдениет пен әдебиетке, тарих пен этнологияға қатысты қалам тартқан ғалымдардың (Арғынбаев, Зиманов, Аманжолов, Бизақов, Смағұлова, т.б.) еңбектерінде көтерілген материалдар талдаудан өтті.Сондай-ақ көптеген философиялық, педагогикалық, этикалық арнаулы ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, билер сөзі, исламдық шариат заңдары, бұқаралық ақпарат құралдарының мағлұматтары пайдаланылды.

**Әдістері**

теориялық-қисындылық, нақты-тарихылық, топтастыру-жүйелеу, салыстырмалы-құқықтық, логикалық, талдау әдістері жұмыстың өзегін құрайды. Сол секілді мақалада елімізге белгілі ғалымдардың тұжырымдары негізге алынды. Бұл айтылғандар зерттеудің әдістемелік және теориялық негіздерін құрайды. Дегенмен ең алдымен мақалада тарихи-құқықтық талдау басшылыққа алынып отыр. Мақаланың кейбір тұстары осынысымен де құнды. Өйткені тарихи-құқықтық талдаудан өткен ғылыми ізденістер саны отандық тарихнамада мейлінше азшылықты құрайтындығы белгілі. Мұның өзі ғылыми ізденістердегі пәнаралық ұстанымдардың қажеттілігін де аңғартады.

**Талқылау**

Бұрын тарих, этнология, педагогика, философия, әдебиет, т.б. ғылым салаларында бұл мәселе біршама көтерілгенімен, оның көпшілік аспектілері тарихиқұқықтық талдаудан толымды түрде өте қойған жоқ. Мәселенің жекелеген қырлары құқық ғылымы саласында арнайы сөз етіліп, жеке қарастырылмаған. Сондықтан да осы мәселеге қатысты бірлі-жарым айтылған тұжырымдар мен ұсыныстарды ескере отырып, ғылыми түрде негізделуі қажет деген ойдамыз. Тәлім-тәрбие қай кезде де кез келген қоғамның басты міндеті болған. Әсіресе оған бұрыннан-ақ гуманитарлық ғылым салалары өз үлестерін қосып келеді. Қазір де тәлім- тәрбиеге және құқықтық санаға маңыз беріп, атабабаларымыздың ұрпақтарын тәрбиелеудегі тәсілдерін орнықтыру көкейкесті мәселе болып отырғандықтан берілетін ұсынымдардың маңызы зор деп санауға болады.

Қазіргі таңда пәнаралық зерттеулер ғылымның барлық салаларына еніп келеді. Сол себепті отандық тарих пен мәдениеттегі барлық мәселелерді кешенді түрде қарастырған абзал. Сонда ғана біз отандық тарих ғылымы мен этнографияның түйінді мәселелерін нақты шешуге қол жеткізе аламыз.

**Нәтижесі**

Дәстүрлі қазақ қоғамы әрқашан «баланы жастан» тәрбиелеуге ұмтылды. Оның бойына ертеден-ақ ақ пен қара, ақылды мен ақымақ, жақсы мен жаман, шындық пен өтірік, күшті мен әлсіз, ысырап және обал мен сауап секілді қарама-қарсы категорияларды сіңдіріп, жақсылыққа жетелеуге тырысып отырды. Осындай наным-сенімдерді зердесіне ұялатқан ата-бабаларымыз ғаламды басқарушы ғаламат күш бар. Ол – Тәңірі деп ұққан. Жүрсе-тұрса Тәңірісін есінен шығармай, одан күш-қуат беруді тілеген. Өмір бар жерде өлім барын көзімен көріп, өлгендерді қастерлеген. Оларды аруаққа айналдырып, Тәңірі мен адамдар арасындағы

тілеуқор ретінде қараған. Барлық жақсылық та, жамандық та отбасынан басталатынына көздері жетіп, тәлім- тәрбие басын отбасынан бастаған. Тәрбие басы – бесіктен деген қағиданы нық ұстанған. Әлбетте, басқаға тәлім-тәрбие беру үшін оған өзі лайықты болуы керек. «Бүкіл әлемнің белгілі бір заңдылықтарымен өмір сүретінін қазіргі заман ғылымы жан-жақты дәлелдеп отырғаны мәлім... Соның ішінде бұл заңдылықтар адамзаттың жан дүниесі мен рухани ішкі өмірін де қамтиды» [2, 3 б.]. Сондықтан да, егер адам қате ұстанымды дұрыс деп қабылдаса, онда сол ұстанымға сай істері де қате, нәтижесі де теріс болады. Сол үшін тәлім-тәрбие о баста дұрыс жол мен ұстанымға сәйкес берілгені жөн деген тәмсіл халық арасында кеңінен таралған.

Қазақ қоғамы табиғатты аялау, еркіндікті сезіну, адамды сыйлау, намысын сақтау, адамдық қасиетін жоғалтпау, сөзде тұру, қонақжайлық көрсету, уәдеге берік болуы сынды қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа сіңдіріп отырды. Мысалы, Н.Л.Зеланд (1833-1902) қазақ халқының тұрмысы мен әдет-ғұрып заңдарын зерттеп, өзінің «Қырғыздар» деген этнологиялық очеркінде: «…Жүйке салауаттылығы адамның иманды, өнегелілік бейнесінен де жақсы көрінеді. Жаны жайсаң адам өзгелерге де іш тартады. Қазақ ниетімен ақ көңіл; ол сондай-ақ қастерлі қасиеттерге адал, басқаның қайғы-қасиетіне ортақтас, қонақжай, күйзелген, күйінген кезде салауатты және төзімді. Қазақтардың әдептілік тәлімтәрбиесінің бастаулары көпшілік ұйғарымдарынан, тәжірибе қорытындыларынан тұрады. Атап айтқанда, не нәрсе болса көз жеткізу, иландыру, шындық пен әділдіктен, ақиқаттан айнымау, берген антына берік болу, аманатқа борышта болмау; ар-ождан тазалығын сақтау, ақыл-ойлы, парасатты болу, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, қарым-қатынасынан, көзқарасынан ғибрат исі шығып тұру, үлкендерді тыңдау, құрметтеу, достық пен татулықты сақтау, т.б. Қатыгездік пен кекшілдік қазақтар арасында кездеспейді десе де болады» [3, 235 б.] – деп жазып қалдырған.

Ал В.И.Даль: «Қазақ жеріне өттің екен, әмияныңды қалтаңа салып қой. Жылтыратып тиын санап отырғаның бұл елдің (қазақтардың – авт.) әдет-ғұрпына ерсі, намысына тиеді» дейді. Мұны

белгілі этнолог әрі тарихшы Х.А. Арғынбаев [4, 68 б.] нақтылай түседі де, қазақтардың қонақжайлығын бұрын-соңды қазақ арасында болған саяхатшылар, ғалымдар және қызмет бабымен келген орыс әкімдері түгелдей бірауыздан жоғары бағалағандығын, олардың ұлттың қонақжайлылығы оның тамаша қасиеттерінің бірі деп есептегендігін жазады.

Қазақ халқының құқықтық әлемін терең білетін заңғар ғалым С.З. Зиманов адамгершілік пен құндылықтарға толы ұлы дала демократиясының институттары

негізінен әділ сот пен шешендік ділмарлықтан тұрып, өзін-өзі басқару еркіндігін сақтағанын айта отырып, оны үш фактормен түсіндіреді.

Бірінші фактор – Орталық Азияны мекендеген тұрғындардың басым бөлігі үшін ортағасырлық тарихи жағдайда өмір сүрудің бірден-бір негізін құраған мал шаруашылығын дамытуға барлық жағынан қолайлы болып келген, халқы сирек қоныстанған ірі табиғи кеңістіктің болуы...

Екінші фактор – осы ұлан-ғайыр жерде еркін психологияға ие көшпелілер бірлестіктерінің өмір сүруі. Оның қайнар көзі мен негізін мыналар құрады: а) көшпелі өмір үрдісі еркіндігі мен оның дәстүрлі мәдениетін қызу қолдаушылар; ә) ғұн, қыпшақ, монғол және темуридтер империясы қол астындағылардан түрлі себептермен бөлінген қоныс аударушылар...; б) жайылымдық – көшпелі жерлерді және өзін-өзі басқару еркіндігін іздеушілер...

Үшінші фактор – қыпшақ даласы деп аталатын кең байтақ аймақ көшпелі өркениет пен еркін көшпелілердің көп жағдайларда жалпы адам құндылықтарымен үндес мәдениетін бойына сіңірді. Қоғамда «Сөз құдіреті» мен «Әділ Сот құдіреті» өмірлік күшке ие болды [5, 19-20 бб.]. Міне, осылайша кең байтақ қазақ жері еркіндік пен бостандық аясында өзара теңдік, өзін-өзі басқару, әділдік, адамгершілік, имандылық негізінде қалыптасып, дамыды. Қоғамды реттеуші нормалар басты тұтқаға айналып, өмір болмысының барлық тармақтарын реттеді. Бұл еркін, азат өмір сүрушілерге қолайлы да ыңғайлы болды.

«Түркі елінің ежелгі тарихы біздің заманымыздан бұрынғы ІІІ ғасырдан, ертедегі һундар империясының құрылу кезеңінен басталады да, біздің заманымыздың ІХ ғасырын қамтиды... Демек, біздің заманымыздан бұрынғы ІІІ ғасыр мен бергі ІХ ғасыр арасындағы һундар, түркілер дәуірі – біздің рухани қазыналарымыз, түркі жұртының мәдениет тарихының деректі көздері» [6, 3 б.]. Бұл аталған дәуірдегі өмір сүрген тайпа-рулар қазіргі Қазақстан аумағы мен Орта Азияда, Алтайда тіршілік жасағаны мәлім.

«Талай ауыр кезеңді, қиын-қыстау заманды бастан кешіріп, тағдыр тауқыметімен тоз-тоз болып, иелік еткен жерінен айырылып қалған түркі тайпаларының рухани болмысы мен халықтық сана-сезімінің жұқара бастаған кезі, игі дәстүрінен көз жазып қала жаздаған тұсы, бір халық ретінде қалыптасудың аз-ақ алдында тұрған жұрттардың бөлек ұлыс болып, ажырап кеткен кезі аз болған жоқ» [7, 5 б.]. Дегенмен, көшпелі тұрмыспен тіршілік еткен ата-бабаларымыз өзінің бастапқы болмысын жоғалтпады.

Сондықтан да қазақ қоғамында сот функциясы реттеушілік, біріктірушілік, қорғаушылық, басқарушылық, адамгершілік қызметтерді атқарды. Нәтижеде заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліктің қайнар көзі де, рухани құндылық та болып, қоғам үшін қызмет атқарды. Әрине, қоғамның бір қалыпты тұрмыс-тіршілік етуі басында құқықтық ереже-қағидалар тұрары даусыз. Бірақ, бір ғана құқық, заң немесе сот жүйесіне ғана бәрін телу дұрыс болмас еді. Адамға байланысты көп мәселелерді анықтағанымыз жөн. Соның бірі салауаттылық, яғни адамның ішкі дүниесімен сәйкестілігі. Өйткені адам үшін оның өзі және өмір сүруі ең негізгі нәрсе болып табылады. Қазақтың ұлы ақыны А. Құнанбаев «ақыл, қайрат, жүрекке» ерекше мән береді [8, 128 б.]. Осы үшеуі нәтижесінде адамның психикасы жетіледі. Мұны терең түсінген ата-бабаларымыз адамның іс-әрекетіне ерекше мән берген. Баланы шыр етіп, жарық дүниеге келген күннен бастап тәрбиелеуге, баланың іс-әрекетінің саналылығы мен мақсаттылығына ден қойған.

Дағды мен әдетті адам өміріне енгізіп, қалыптастырғанда, оның пайдалы жағына көңіл бөлген. Ол ұқыптылық, қажымастық, шыдамдылық, сөзге түсінушілік дағдылары. Олар жиі қайталану барысында әдетке айналады. Мысалы, күнде ұйқыдан тұрғанда бетқолды жуу, тамақ ішер алдында қол жуу, пайдаланған құрал-саймандарын орнына қою, т.б. Осылайша тәрбиеленген адам қоғамға үйлесімді болады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал текке айтылмаған. Әрбір отбасы өзі ұшырған ұрпақтарын «сегіз қырлы, бір сырлы» етуге тырысқан. Жақсы қылықтарды бойына үйіп, жаман қылықтардан сақтандырған. Міне, осылардан қазақ халқының қағида-ережелері бастау алып, құқықтарын құраған. Мұны Асан қайғы секілді Ұлы даланың ұлы тұлғаларының өсиеттерінен, нақыл сөздерінен де көреміз [9, 24-29 бб.].

Жалпы алғанда, қазақ қоғамындағы тәлім-тәрбие отбасынан басталып, оны бүкіл қоғам болып қолдап-қуаттап, барлығы бірге тер төккен. Кез келген адам жаман іс-әрекетті көрсе, өре түрегеліп, отты өшіргендей оны өшіруге тырысқан. Өзгелері келіп оған жәрдемдескен. Өйткені, қоғам ішінде жаман іс- әрекет нышан алса, өртше қаулайтынын бәрі де ұққан. Сол үшін ата-ана, аға-жеңгелерден бастап ауыл ақсақалдары, жырауақындары, батырлары, билері, ел басшылары оны болдырмауға атсалысқан.

Қалыңмал мөлшерінде шек болмаған. Қалыңмал алған жақ қызға міндетті түрде жасау берген. Жасау кейде берілген қалыңмалдан да асып түскен. Бұл әрине, екі тараптың өзара сыйластығына байланысты болған. Той қыз ауылында өткен. Мұндағы мақсат қызды өз ауылында сыннан өткізу, тәлім-тәрбиесі мен пәктігін анықтау болып табылады.

Қыздың абыройсыз болуы дау-таласқа, тіпті құдалықтың үзілуіне әкеліп соғатын.

Сондықтан да қазақ қыздарының абыройсыз болуы тіпті болмаған десек те болады. Өйткені, «Қызға қырық үйден тыю» деп, қыз ата-анасының ғана емес, бүкіл руластарының бақылауында болып, тәлім-тәрбиелі болуға тырысқан. Тәлім-тәрбие мазмұны мен мәні өте терең әрі бүкіл руластарына тиісті болғандықтан, қыз санасынан бекем орын алған.

Ислам дінімен бірге неке қию, жұптасу қағида-ережелері мұсылмандық шариат заңымен жүргізілген. Қыз ұзатылып, барар жеріне келгеннен кейін, келген елімен таныстыру рәсіміне арнап той өткізілген. Ол «Беташар тойы» деп аталады. Осы тойда кімнің кім екені таныстырылып, қыз келген жеріне қанығады. Келін күйеуінің етжақын туыстарын, үлкендердің атын атамай, әдемі аттармен атау, көрегендігін көрсету тәлімтәрбиесінің қаншалықты екенін көрсеткен.

Қазақ қоғамында мұра мен мұрагерлік адамгершілік тұрғыдан ежелденақ шешілгендіктен, мұра мен мұрагерлікке таласу, дау-дамайлар мүлдем кездеспеген. Оны «енші беру» институты атқарған [10, 69 б.].

«Әмеңгерлік», «көп әйел алу» секілді институттар қазақ қоғамының өз қажетсінулерінен туындаған әрі қоғамдық жүйеге кері әсер етпеген. Қайта жұмыс күшін молайтып, ұрпақ өсіруге, бітімгершілік пен ағайындастыққа ұйтқы бола алған.

Бала асырап алу қазақ қоғамында мүлдем басқаша, адамгершілік сипатында болған. Қазақтар өзге руларға асырап алуға жетім балаларды мүлдем бермеген. Ал, өзінің етжақыны баласыз болса, онда жас нәрестені етегіне салып, бала етіп алуға берген. Қазақ халқы жас нәрестені жақын абысындары болмаса, өзгелерге оны емізуге де рұқсат бермеген. Қан, сүт тазалығын сақтаған. Әрине, баланы өзге ру асырап алса, бала өзге руға айналып кетуі мүмкін. Қазақтар рулық дәстүрді мейлінше сақтаған.

Қыз алып қашу, зорлап үйлену деген қазақ қоғамына мүлдем жат. Өз ықтиярынсыз қызға ешкім үйленбеген. Қыз алып қашу некен-саяқ кездесіп, ол даулы болған. Ал, зорлап үйлену, зорлау ауыр қылмыс саналып, қатаң жазаланған.

Азаматтық және қылмыстық құқықтардың басты мақсаты тәлім-тәрбиеге негізделген. Кез келген дау- дамай, қылмыстық іс-әрекеттер жариялы түрде, куәлер қатыстырылып шешілген. Жиналған халыққа бұл сот процестерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор болған. Бір ғана мысал, ата-

анасын ренжіткен баланы қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне күйе, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды айналдырған. Әрине, мұны көргендер бетіне түкіріп, ұрып-соғып, азаптаған. Өзгелерге мұны сабақ етіп, ата-анасына қарсы шықпайтындай үлгі болған.

Азаматтық және қылмыстық істерді қарау заңдылық пен әділ сот шеңберінде жүргізіліп, қоғамдық ой мен ұлттық сананы биікке көтеріп, халық тағдырының арашасы, қорғаушысы, тәлімгері рөлін атқарды. Сот шешімдері адамгершілік пен әділеттікті құрады. Бұл көшпелі қазақ қоғамының болмысынан берік орын алды. Әрине, бұл жетістік тәлім-тәрбие бастауларын дұрыс таңдап, оның механизмдерін сәтті қолдана білулерінде жатыр. Сондықтан да ру ішіндегі және руаралық байланыстарды, мемлекеттік басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық секілді моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді.

Тәлім-тәрбие қоғамдық идеологияның дәрежесіне ие болып, қоғамдағы игіліктің, құқықтық тәртіп пен бейбітшіліктің күшіне айналды. Тәлім-тәрбие дұрыс жолға қойылмаса, қабылданған заңдар да, күштеп- мәжбүрлеу де ешнәрсе бермейді. Сол себепті де қазақ халқының тәлім-тәрбиесінің бастаулары нағыз шынайы қайнар көздерден басталып, оны бүкіл қоғам, басқару жүйелері, сот билігі қолдап, тәлім-тәрбие тағылымдары өнегеліктің қайнар көзіне, рухани құндылықтарға айналды. Оны көп болып қолдап-қуаттады. Қазақ тәлім-тәрбиелерінің моральдық-құқықтық бастамасы халықтың «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген қағидасынан бастау алып, бауырластыққа, кешірімділікке, логикалық заңдылыққа сүйенді. Осының нәтижесінде әр түрлі мемлекеттер мен халықтардың аралас-құраластығына қарамай, өзіне тән сипаттары мен мәнін жоғалтпады. Рас, өзге халықтар мен идеологиялық әсерлерді ысырып тастамай, қазақи тәлім-тәрбие олардың ең әдемі мәйектерін өзіне қабыстыра білді. Оны біз исламдық сипаттарды өз бойына әдемі сіңіре алғанынан көре аламыз. Исламдық сипатқа ие болған сан алуан нормалар мен институттар қазақи әдет-ғұрып заң, нормаларымен қайшылықсыз, қатар өмір сүре алды. Сондықтан да кез келген құқықтық нормалар өгейсімей, халық көкейіне нық орнығып, көпшіліктің қолдауына ие болды.

Қайта исламдық сипаттар құқық нормаларын құлпыртып, мәнін тереңдете түсті.

Құқықтық нормалар өзінің мазмұны мен мәні жағынан қоғам ішіндегі тәлімтәрбиенің дұрыс жолға қойылуына түрткі болып, маңызды рөл атқарды. Кез келген құқықтық нормалар тәлім-тәрбиені нысана етіп, сонымен ұштастырыла жүргізілді. Мейлі отбасына немесе азаматтық және қылмыстық дау-дамайларға ғана емес, әлеуметтік немесе экономикалық, не болмаса ел басқару мен ел тыныштығы мәселелері де алдымен ел іші тыныштығы, отбасы беріктігі, адам құқығы мен бостандығы, адам мен адамның, адам мен қоғамның қатынасының бұзылмауы басты орынға қойылды. Бұл ханның да, қарашаның да тірегі болды. Бүкіл қазаққа негізделген заң реттеушілік рөлінен алдын тәлім-тәрбие тағылымдарына айналды. Осыдан барып мемлекеттік жүйе тұрақталып, ел бірлігі артты, ынтымағы күшейді, ұлттық сана толыса түсті. Ұлттық сананың бастауында тәлім-тәрбие жатты десек артық айтпағанымыз.

Әлбетте, ұлттық тәлім-тәрбиенің бастауы отбасы мен оның институттарынан басталары даусыз. Отбасындағы басты институттар: некелесу, құда болу, қалыңмал, көп әйел алу, әмеңгерлік, қыз алып қашу, енші беру, мұра мен мұрагерлік, бала асырап алу, қара шаңырақ, т.б. және осылардан туындайтын барымта, дау-дамайлар екендігін жоғарыда айтқан едік. Бұл институттардың көпшілігі ежелгі дәуірлерден қалыптасып, әр заманның өз кезеңінде өзгерістерге душар болып, алайда бастапқы мәні мен мазмұнын сақтап отырған. Әйел адам тұрмыс құрып, некелескеннен соң барған елінен кетпеген. Бұл – өте дұрыс тағылым. Өйткені, қыз «жатжұрттық», барған жерінде тұрақтап, ұрпақ өсіруге, өз елінің тәлім-тәрбие тағылымдарын өзге жұртқа сіңіру, өз тәртіптілігін көрсете отырып, екі руды жақындастырып, бауырлас ету міндеттеледі. Сол үшін қыз балаға жауапкершілік пен қасиетті парыздар, ұрпақ өсіру артылады.

Ежелден-ақ қыз балаға өз отбасы, руы тарапынан тәлім-тәрбие барынша мол беріліп, ертеңгі күні жұртқа күлкі болмау жағы кең қарастырылған. Қыз бала адамдық қасиеттерді барынша бойына сіңіріп, әдептілік қағидаларын жастайынан меңгерген. Барған жерінде ұялмай өмір тіршілігіне араласып кете алатын болған. Қызға құда түсіп, қыздың ризалығын, еркін біліп, содан соң ғана қалыңмал жайлы сөз қозғаған. Қыз ризалығынсыз құда түсу мүлдем болмаған.

Кешегі кеңестік қызыл империя кезінде кеңестік идеология жоғарыда айтылған жайларды теріс аударып, мүлдем басқаша етіп көрсетті. Қазақ қызын малға сатты, шалдарға берді, тауар ретінде қарады, құқықтарын аяққа басты, көрген күндері күн болмады дегендей қара күйе жағып, шындықты бұрмалады. Қай заманда болмасын қазақ халқы қыздарын әлпештеген, елдің көркі санаған. Ешкім де қызын бақытсыз болсын демеген. Өздері жетік білетін, тәлім-тәрбиесі мол елге беруге тырысқан. Сондықтан да қазақ қоғамында отбасы бүлінбеген, ажыраспаған.

Ықылым заманалардан келе жатқан тәжірибе бойынша қоғам ішіндегі тұрақтылық пен ауызбірлік, өзара сыйластық өте жоғары болу дәрежесі – тәлім-тәрбие арқылы қол жеткізген құқықтық мәдениеттің жоғары дәрежеде болуы. Бұл мәселе қазіргі кезде де өз маңызын жоғалтқаны жоқ. Әрине, жоғары дәрежелі құқықтық мәдениетке құқықтық тәлім-тәрбиені дұрыс жолға қою арқылы ғана жетуге болады. Мұны қазақ қоғамы терең түсінген. Баланың шыр етіп жарық көрген кезінен басталған тәлім-тәрбие желісі адам көз жұмғанша әсте тоқтатылмай, үздіксіз жүргізіліп отырған.

Тәлім-тәрбиенің кең ұғымдағы және тар ұғымдағы концепциялары – бұлардың алға қойған мақсаты тәлім-тәрбиенің жемісті болуы. Тәлім-тәрбие құқықтық тәрбиесіз шикі болары хақ. Өйткені, тәлім-тәрбиенің негізгі мақсаты қоғамдық қатынастарды, олар арасындағы құқықтық қатынастарды бұзбау ғой. Сол үшін қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетіне жетілдіру үшін субъектілерді, объектілерді, оның механизмдерін ойластырып, былайша айтқанда, тәлім-тәрбиенің құқықтық жүйесінен жан-жақты болуына ерекше мән берген. Мұндайда оның құқықтық ережелерінің адамның құқықтық санасына мәжбүрлемей көз жеткізу арқылы сіңіру көзделген. Әсіресе, жастайынан тәлім-тәрбие арқылы бойларына сіңірілген қағида-ережелердің мықтылығы баланы жастайынан тәртіптілікке баулуға дағдыландырған.

Жалпы алғанда, қазақ тұрмысының кез келгені тәлім-тәрбиемен ұштастырыла жүргізілген. Мал бағу, еңбек ету, ойын-сауық, әңгіме-дүкен баршасында тәлім-тәрбие маңызды орын алған. Бұл тәлім-тәрбие жемісті болуы жақтары барынша қараластырылып, үйлестірілген. Ақсақал-абыздар, билер, жыраулар өз үлгі- өсиет, нақыл сөздерін, айтыскер ақындар өз жырларын тәлім-тәрбиеге негіздеп айтып отырған. Сондағы мақсат – қоғам ішінде тәртіпке нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді болдырмау. Сол үшін де жасөспірімдер түні бойы ақсүйек ойнап, алтыбақан тепсе де арамдыққа бармаған. Өйткені, саналарына әбден сіңген «Қыз ауылында той өтіп, қыз пәктігі тексеріледі» деген қағида бар. Оны бұзу ауыр қылмыс әрі тек өзіне ғана емес, бүкіл руластарына тағылатын қылмыс болатынын баршасы білген. Сөйтіп, кез келген құқық бұзушылықтың салдары көпке кесірін тигізетінін әрі жауапсыз қалдырылмайтынын түсінген. Қазақ халқының тәлім-тәрбиесі сөйлеген сөз, жүріс-тұрыс, іс-әрекетпен бағаланған. Тәлім-тәрбие жұмысына бүкіл қоғам араласып, оның қадағалануы баршаға жүктелген. Қазіргі кезде бұл желінің үзіліп қалғаны тіпті өкінішті. Заң емес, көп қорқытатынын, терең батыратынын естен әсте шығаруға болмайды.

**Қорытынды**

Тәлім-тәрбие кез келген қоғамда адамның іс-әрекетінің өлшемі болып саналатыны даусыз. Сондықтан да тұрақты қоғам деп тәрбиелі адамдардың өмір сүретін қоғамын айтамыз. Сол халықтың қалыптасқан әрі сан ғасырлар бойы ұрпақтанұрпаққа ауысып келе жатқан құндылығының сақталуы сол қоғамның даму деңгейін, өзара байланысын және бір жүйеліктің бар екендігін көрсетеді.

Ал, адамның белгілі бір қоғам сатысында немесе жеке тұлға деңгейінде өз ісәрекетін басқарып тұратын біртұтас әдеп-тәлімі болмайынша өмір сүре алмайды. Тәлімтәрбиенің көзі әр алуан, бір-біріне кереғар болса, онда қоғам қирайды. Адам іс-әрекетінің біртұтас, бірегей басқаруда болуы оның басқалардан айырмашылығын көрсетеді. Бұл о бастан-ақ тәлім-тәрбие біртұтас, бірқалыпты, өнегелі істерге жетелейтін санасы бар тәлімтәрбие болғанын дәлелдейді әрі ғасырлар бойы сол тәлім-тәрбиенің арқауы үзілмей келе жатқанын көрсетеді. Тәрбиенің түп қазығы адам болу жолында әркімнің ата-ана тілін алу, зұлымдық пен қиянат істеуден және өтірік айтудан бойын алшақ ұстау, қайырымды болып, әділдік пен шындықты тұтқа етуден тұрады. Әрине, бұл әрбір халыққа тиесілі, тұрақты тәрбие. Бұл – адамзат баласы пайда болғалы бері қолданылып келе жатқан абсолюттік тәрбие. Сол себепті де тәлім-тәрбиенің алға қойған мақсаты барша адамзат баласына ортақ. Алайда, бұл принципке адам баласының дамуы мен технологиялық, инновациялық үрдістер кері әсерін тигізеді. Өйткені, жаһандасу өзге дәстүрлер мен салттарды, діни сенімдерді, пайда табу жолындағы айла-әдістерді қоса әкеледі. Бұл біртұтас қалыптасқан тәлім-тәрбиеге дұрыс та, бұрыс-та әсер етері ақиқат. Оны біз қазірдің өзінде көріп те жатырмыз.

Түптеп келгенде, әдеп дегеніміз «адамдармен қатынас барысында сыпайылық шегінен шықпау, адамның жеке ерекшеліктерін ескеру, өзгенің де, өзінің де ар-намысын қадірлеумен бірге, шама мен шекті де сезіне білу». Бұл қағиданы терең түсінген қазақтар әрбір адамды өзімен тең көрген. «Осынау рухани мұралар жүйесі жинақтала келе ұлттық болмыс ерекшелігін құрайды. Бұл – бір халықтың есте жоқ ескі заманаларды бедерлеген даналық сүрлеуі. Бұл – бірінші жағы, екінші тұсы дәл осынау ұғымдар мен пайымдарды, уақыт тезінен, ғасырлар сарасынан өткен ойларды ана сүтімен бойына сіңіріп өскен өскінболашақтың парасатты азаматы болары анық» [11, 5-6 бб.]. Міне, осы бастаулардың тамыры тереңге кеткендіктен, қазақ халқы басынан небір зобалаңдарды өткізсе де, сол бастаулардан ешуақытта да қол үзген емес.

Сайып келгенде, дәстүрлі құқықтық мәдениет пен ұлттық тәлім-тәрбиенің өзегі, тарихи тамырлары халықтың этнографиясынды, өткенінде, болмыс-бітімі мен рухани әлемінде, шаруашылық қаракеттерінде, әдеті мен ғұрпында, дәстүрі мен жосынжоралғыларында жатыр. Бүгінгі күні мемлекетімізде мәдени мұраларға ерекше мән беріліп отырған кезде халқымыздың әдет-ғұрпындағы тәлім-тәрбиелік қағида- ережелерді қайта түлету, оның негізгі принциптерін тәжірибеде қолдану қоғамымызда тәлім-тәрбиені жетілдіруге септігін тигізеді әрі кіршіксіз пәк, адамгершілік-имандылықтарды бойына сіңірген қоғам мүшелерін қалыптастыруға игі әсерін, өзіндік тарихи-этнографиялық ықпалын тигізеді деген ойдамыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.Тарақты А. Қазақ. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 176 б.

2.Құран және ахлақ. Мұсылманның рухани тіректері. / Кітапты баспаға дайындапшығарушы Халифа Алтай. – Алматы,

2003. – 60 б.

3.Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. – Алматы: 1992. –335 б.

4.Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялықшолу). – Алматы: Ғылым, 1973. – 328 б.

5.Зиманов С.З. Қазақ хандары заңдарына шолу және олардыңерекшеліктері // Қазақтың Ата Заңдары: 10 т.– Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т.4. – 552 б.

6.Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім,1996. – 272 б.

7.Бизақов С. Түбі бір түркілер. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 320 б.

8.Абай. Қара сөз, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 272 б.

9.Асан Қайғы. Бес ғасыр жырлайды: Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1984. –Т.1. –256 б.

10. Смағұлова А. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік. –Алматы: LEM, 2005. – 168 б.

11. Хикмет К. Даналық сүрлеуі. – Алматы, 2005. – 48 б.

**МАЗМҰНЫ**

**Айтмағамбетов Д.Р., Азмуханова А.М., Нұрсұлтанова Л.Н.**
ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ВЬЕТНАМ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАН ТӘЖІРИБЕГЕ..........5
**Ахметжанова А.Т., Алина А.Д.**
XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ..........12
**Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д.**
ЗАМАНАУИ БІЛІМ: ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ..........20
**Арепова А.Д., Морякова М.Т.**
АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIII–XV ғғ. басы)..........25
**Балықбай А.К.**
ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ..........33
**Боранбаева Б.С.**
ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ ӨҢІРІНІҢ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ..........41
**Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А.**
ХАНТАУ ТАУЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ПЕТРОГЛИФТЕРІ..........58
**Ғабитханұлы Қ.**
ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК СӨЗДЕРДІ АУДАРУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ..........73
**Ғабитханұлы Қ., Ғабит Е.**
«ТӘҢІР ТАУ» (немесе Тянь-Шань) ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН АТАУ..........79
**Жанибай С.Б.**
МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ...83
**Жанибай С.Б.**
1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ..........92
**Жолсейітова М.Ә.**
ЮСУФ АКЧУРАНЫҢ ЖАС ТҮРІКТЕР БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ..........105
**Жолсейітова М.Ә.**
ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ И. ГАСПЫРАЛЫНЫҢ РӨЛІ..........116
**Жұмай Г.**
ҚОРЫҚ-МУЗЕЙДІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ..........128
**Калыш А.Б., Исаева А.И.**
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙІНІҢ ДАЙЫНДАҒАН ҒЫЛЫМИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОРНЫ..........136
**Камалдинов И.Р., Савельева Т.В.**
ІЛЕ АҢҒАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАҒЫТЫ (археологиялық деректер бойынша)..........145
**Керімбаев Е.Ә., Набижанқызы З.**
КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ..........159
**Қабдолдина К.Қ.**
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕҢДІК МӘСЕЛЕСІ..........169
**Қабылдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М.**
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ..........175
**Қаипбаева А.Т**
ІЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА..........182
**Қали А., Сәкенұлы Қ., Айдаралиева Ә.**
АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ «АЛАШ ОРДА» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві материалдары бойынша)..........197
**Құдайбергенұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М.**
ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ..........215
**Қыдырбаев Қ.А.**
МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ..........222

**Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ.**
ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ........................................................................................233
**Мұқаметханұлы Н., Мадиев Д.А.**
ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ҚАУЫРТ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҢЖАҢНЫҢ ШЕКАРА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ........................................................................................243
**Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С.**
ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР........................................................................................251
**Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д.**
ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ………………..…………………………………………………………………..258
**Сабденова Г.Е., Усерова А.Н.**
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ........................................................................................265
**Сабырова Ә.С.**
ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «БАТЫРШЫЛДЫҚ»........................................................................................273
**Садықов Т.С., Набиев С.Т.**
АКАДЕМИК М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ........................279
**Сайынов Д.**
АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ........................................................................................285
**Сәкенов С.Қ.**
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРІ........................................................................................296
**Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З.**
ШЫҰ ЕРКІН САУДА АЙМАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ........................................................................................304
**Сыздыкова А.М.**
ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КЕҢЕСТІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДЕРІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТАРИХЫ (1970-1990)........................................................................................308
**Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е.**
ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ПРОТОТҮРІКТЕРДІҢ ЛИНГИВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ........................................................................................317
**Шаймерденова М.Д.**
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТАСУШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ: ТІЛ ТҰЛҒАЛАРЫН РЕТРОСПЕКТИВТІ ШОЛУ........................................................................................323

## СОДЕРЖАНИЕ

**Айтмагамбетов Д.Р., Азмуханова А.М., Нурсултанова Л.Н.**
КАЗАХСТАН И ВЬЕТНАМ: ОТ СОГЛАШЕНИЙ К ПРАКТИКЕ.....5
**Ахметжанова А.Т., Алина А.Д.**
НОВОВВЕДЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ
в 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА.....12
**Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д.**
СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: КЛЮЧЕВОЙ АСПЕКТ МОДЕРНИЗАЦИИ
ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ.....20
**Арепова А.Д., Морякова М.Т.**
ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АК ОРДЫ (XIII – НАЧАЛО XV ВВ.).....25
**Балықбай А.К.**
ИСТОРИЯ И ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ КИНОДРАМАТУРГИИ.....33
**Боранбаева Б.С.**
КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ.....41
**Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А.**
ДРЕВНИЕ ПЕТРОГЛИФЫ ГОР ХАНТАУ.....58
**Габитханулы К.**
ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА, РЕКОНСТРУКЦИИ, ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ТЮРКСКИХ
СЛОВ В КИТАЙСКИХ ЛЕТОПИСЯХ.....73
**Габитханулы К., Габит Е.**
ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ «ТАНИРТАУ» (ИЛИ ТЯНЬ-ШАНЬ) - НАСЛЕДИЕ ГУННОВ.....79
**Жанибай С.Б.**
МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЯ.....83
**Жанибай С.Б.**
СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРКЕСТАНЕ В 1920-1940-Е ГОДЫ.....92
**Жолсейітова М.Ә.**
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮСУФА АКЧУРИНА В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МЛАДОТУРОК.....105
**Жолсейітова М.Ә.**
РОЛЬ И ГАСПЫРАЛЫ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ДЖАДИДИЗМА.....116
**Жумай Г.**
ОБЪЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ.....128
**Калыш А.Б., Исаева А.И.**
МЕСТО НАУЧНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ЦГМ РК
В НАУЧНО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....136
**Камалдинов И.Р., Савельева Т.В.**
НАПРАВЛЕНИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИЛИЙСКОЙ
ДОЛИНЕ (по археологическим источникам).....145
**Керимбаев Е.А., Набижанкызы З.**
СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТОВ КОНФУЦИЯ.....159
**Кабдолдина К.К.**
ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....169
**Кабульдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М.**
ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ.....175
**Каипбаева А.Т.**
ИЛЬЯС ОМАРОВ И НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ.....182
**Кали А., Сакенулы К., Айдаралиева А.**
О ДЕЯТЕЛЯХ «АЛАШ ОРДЫ» АКТЮБИНСКОГО КРАЯ (ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО
ОБЛАСТНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА).....197
**Құдайбергенұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М.**
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА
В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ.....215
**Кыдырбаев К.А.**
МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ.....222

**Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ.**
ЭТИКЕТ ГЕРОЕВ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ........................................................................233
**Мухаметханулы Н., Мадиев Д.А.**
СТРАТЕГИЯ НАПРЯЖЕННОГО ОСВОЕНИЯ ЗАПАДНОЙ ЧАСТИ КИТАЯ И СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПРИГРАНИЧНОГО РЕГИОНА СИНЬЦЗЯН..........................................................................................................243
**Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С.**
РЕФОРМАТОРСКИЕ ДВИЖЕНИЯ В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА.........................................................................................251
**Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д.**
МАРКЕТИНГОВЫЕ СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА….258
**Сабденова Г.Е., Усерова А.Н.**
ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ..........................................................................................................................265
**Сабирова А.С.**
ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС «БАТЫРШЫЛДЫҚ» В ЭПИЧЕСКОЙ ПОЭЗИИ.......................................................................273
**Садыков Т.С., Набиев С.Т.**
ВОПРОСЫ ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА..............279
**Сайнов Д.**
ДУХОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В АКТЮБИНСКОМ КРАЕ.......................................285
**Сакенов С.К.**
ДОМА ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.................................................................................................296
**Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З.**
ПРОЕКТ ЗОНЫ СВОБОДНОЙ ТОРГОВЛИ ШОС: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.................................................304
**Сыздыкова А.М.**
ИСТОРИЯ УПРАВЛЕНИЯ ОХРАНОЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ НА СОВЕТСКИХ ТОПЛИВНО- ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ ПРИИРТЫШЬЯ (1970-1990)................................................308
**Тулебаев Т.А., Абикенова Г.Е.**
ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ЛИНГИВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРОТОТЮРКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ......................................................................317
**Шаймерденова М.Д.**
АВТОРЫ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕБНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ И КУЛЬТУРЫ: ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В РЕТРОСПЕКТИВЕ....................................................323

**CONTENTS**

**Aitmagambetov D., Azmukhanova A., Nursultanova L.**
KAZAKHSTAN AND VIETNAM: FROM AGREEMENTS TO PRACTICE......................................................................5
**Akhmetzhanova A.T., Alina A.D.**
INNOVATIONS OF SOVIET POWER IN THE FIELD OFEDUCATION IN THE 1920-1930s........................................12
**Alimzhanova A., Shaimerdenova M.**
MODERN EDUCATION: THE KEY ASPECT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS......................20
**Arepova A.D., Moryakova M.T.**
THE ISUES OF THE POLITICAL HISTORY OF AK ORDA (XIII - EARLY XV CENTURIES)....................................25
**Balykbay A.K.**
HISTORY AND STAGES OF THE FORMATION OF KAZAKH FILM DRAMA..............................................................33
**Boranbayeva B.S.**
KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS
ON THE FAR EASTERN FRONT...........................................................................................................................41
**Goriachev A.A., Egorova T.A., Egorova K.A.**
ANCIENT PETFOGLYPHS OF KHANTAU MOUNTAINS...........................................................................................58
**Gabitkhanuly K.**
ISSUES OF TRANSLATION, RECONSTRUCTION, CONSISTENCY OF TURKIC WORDS IN
CHINESE CHRONICLES........................................................................................................................................73
**Gabitkhanuly K., Gabit Y.**
«TANGIRTAU» (OR TIAN-SHAN) IS THE HUNHERITAGE THE GEOGRAPHICAL NAME
"TANGIRTAU" (OR TYANSHAN) IS THE HUN HERITAGE..........................................................................................79
**Zhanibay S.**
METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS
OF MUSTAFA SHOKAY.........................................................................................................................................83
**Zhanibay S.**
FORMATION OF THE SOVIET EDUCATION SYSTEM IN TURKESTAN IN THE 1920-1940S.................................92
**Zholseitova M.**
THE ACTIVITIES OF YUSUF AKCHURIN DURING YOUNG TURKS PERIOD.......................................................105
**Zholseitova M.**
I. GASPYRALY'S ROLE IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JADIDISM...................................116
**Zhumai G.**
OBJECTS RESEARCH OF THE RESERVE-MUSEUM.............................................................................................128
**Kalysh A., Isayeva A.**
PLACE OF SCIENTIFIC AND ETHNOGRAPHIC ENCYCLOPEDIA OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL PROCESS...........................................136
**Kamaldinov I.R., Savelyeva T.V.**
DIRECTIONS OF THE GREAT SILK ROAD IN THE ILE VALLEY (according
to archaeological sources)…………………………………………………………………………………..………...145
**Kerimbaev Y.A., Nabizhankyzy Z.**
THE FORMATION AND ACTIVITIES OF CONFUCIUS INSTITUTES.......................................................................159
**Kabdoldina K.K.**
THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN THE SOVIET KAZAKHSTAN......................................169
**Kabuldinov Z.E., Borbasov S.M., Kozybayeva M.M.**
MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH.............................................................................175
**Kaipbaeva A.T.**
ILYAS OMAROV AND THE NATIONAL CULTURE HERITAGE................................................................................182
**Kali A., Sakenuly K., Aidaralieva A.**
ON THE “ALASH ORDA” FIGURES FROM AKTOBE KRAI (ACCORDING TO THE MATERIALS
OF THE AKTOBE REGIONAL STATE ARCHIVE)...................................................................................................197
**Kudaybergenuly B., Karimova A.E., Sadykova A.M.**
THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION
TO THE RESETTLMENT POLICY.........................................................................................................................215
**Kydyrbayev K.A.**
THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD’S CIVILIZATION..........222

**Meirmanova G.A., Daytbekova M.K.**
HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY..........................................................................................233
**Mukhametkhanuly N., Madiev D.A.**
THE STRATEGY OF RAPID DEVELOPMENT OF THE WESTERN PART OF CHINA
AND THE SOCIAL DEVELOPMENT OF THE BORDER REGION OF XINJIANG.....................................................243
**Myrzabekova R., Myrzabekov M.**
REFORM MOVEMENTS IN THE EPOCH OF TANZIMAT..................................................................................251
**Nurmukhambet A.B., Sayn E.D.**
MARKETING STRATEGIES OF KAZAKHSTAN ENTERPRISES' INTERNATIONAL ACTIVITIES.......................258
**Sabdenova G.E., Userova A.N.**
HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL
NURTURING OF KAZAKHS.......................................................................................................................265
**Sabirova A.S.**
ETHIC CODE Of "BATYRSHYLDYK" INTHE EPIC POETRY.........................................................................273
**Sadykov T., Nabiyev S.**
THE ISSUES OF KAZAKH LIBERATION STRUGGLE IN THE WRITINGS
OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV.................................................................................................279
**Sainov D.**
THE SPIRITUAL ACTIVITIES OF THE RELIGIOUS LEADERS IN AKTOBE REGION............................................285
**Sakenov S.K.**
BRONZE AGEDWELLINGS IN NORTHERN KAZAKHSTAN.............................................................................296
**Serikkalieva A.E., Ashinova Zh.E., Nabizhankyzy Z.**
PROJECT OF THE SCO FREE TRADE ZONE: PROBLEMS AND PROSPECTS..........................................................304
**Syzdykova A.M.**
HISTORY OF MANAGEMENT OF ENVIRONMENTAL PROTECTION AT SOVIET FUEL
AND ENERGY ENTERPRISES IN THE PRIYRTISHIYA (1970-1990)...................................................................308
**Tulebayev T.A., Abikenova G.E.**
TRADITIONAL METHODOLOGICAL DIRECTIONS AND LINGUISTIC GEOGRAPHY
OF PROTO- TURKS: HISTORIOGRAPHIC ASPECT..........................................................................................317
**Shaimerdenova M.D.**
THE AUTHORS OF KAZAKHSTANI TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AS CARRIERS OF INFORMATION AND CULTURE: A LANGUAGE PERSON IN RETROSPECTIVE..................................................323

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2019. 1(17)

*Бас редактор:*
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй